

Қ.А Ясауи атындағы қазақ түрік халықаралық
университеті

СӨЖ

Тақырыбы: Клиникаға кіріспе пәніне жалпы түсінік, оның
принциптер. Мейірбикелік үрдіс және деонтология.

Орындаған:

Тобы:

Қабылдаған: Мусабекова Ф

Түркістан 2015

Жоспары:

Кіріспе:

Негізгі бөлім:

- Клиникалық кіріспе пәнінің мақсаты мен міндеттері.
- Мейірбике ісі
- Мейірбикелік этика және деонтология

Қорытынды:

Қолданылған әдебиттер:

Кіріспе:

“Клиникаға кіріспе-1 ” бұл студенттерді практикалық денсаулық сақтауға, емдеу мекемелерінің жұмыстарын ұйымдастыруға, науқасқа күтім жасау мен оны бақылау тәсілдерін үйрететін және пациентпен, оның жанұясымен жақынырақ танысуға, оның жанұялық мәселелерін шешуге қалай көмектесу керектігін үйрететін пән. Бұл пәннің мәні- жоғары медициналық білімді маманды интегральды жүйеге қалыптастыруға үлес қосуға және медициналық көмек ұйымының барлық сатылары мен кезеңдерінде тұрақты кәсіби тұрғының стереотипін құруға негізделген

**Пәннің
мақсаты:**

Дәрігердің кәсіби тұрғысының жағдайы жөнінде, науқастарды бақылау мен күту дағдылары, науқастың өзімен, оның жанұясымен араласу жөнінде, жанұясына медициналық көмек көрсету көзі жөнінде елес қалыптастыру.

**Пәннің
міндеттері:**

1. Студенттерді Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау приоритетінің негіздерімен таныстыру
 2. Студенттерді денсаулық сақтау ұйымының типтерімен және оның жұмысының ұстанымдарымен таныстыру
 3. Денсаулық сақтау ұйымдарындағы санитарлық эпидемиологиялық тәртіппен қамтамасыз ету әдістері мен ережелерін үйрету
 4. Науқастарға жалпы күтім жасаудағы практикалық дағдыларды үйрету
- Жанұясының медициналық көмекке мұқтаждылығын анықтау ұстанымдарын үйрету

Клиника (грек. klinike – емдеу; kline – төсек) – науқас адамдарды емдеумен қатар педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстары бірге жүргізілетін емдік-профилактикалық мекеме. Алғашқы Клиника 1728 ж. Страсбург қ-нда (Франция) ашылған. Мұнда дәрігерлер теориялық және Клиникалық дайындықтан өтетін болған. Клиника белгілі бір бағытта жұмыс істейтін ғылыми-зерттеу институты жанынан ашылады. Ғылыми-зерттеу институттары, жоғары медициналық оқу орындары, дәрігерлер білімін жетілдіру институттары көп жағдайда ірі қалалық (облысы, аймақтық, респ.) ауруханаларда орналасады да, онда емдеу, педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстары қатар жүргізіледі. Егер аурухана педагогикалық дәріс беру орны мақсатында және ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізетін орын ретінде пайдаланылса, онда оған “клиникалық аурухана” деген мәртебе беріледі.

Дәрігерлер даярлау мақсатына сәйкес Клиникалар және клиникалық ауруханалар науқас адамдарды сырқат түріне қарай іріктеп, соған сәйкес емдеу жүргізеді. Клиникалық кафедра (бөлім, лаборатория) басшылары ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық ете отырып, ұжымдағы аспиранттар, клиникалық ординаторлар және ғылыми қызметкерлердің қатысуымен бөлімдер мен лабораториялардың емдеу-диагностикалық қызметінің деңгейі мен сапасына жауап береді. Қазақстанда алғашқы Клиника 1925 ж. Қызылорда қ-нда Өлкелік санитариялық-бактериологиялық институт (қазіргі Гигиена және эпидемиология ғылыми-зерттеу орталығы) жанынан ашылды. Кейін республикада медициналық жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары мен емдеу мекемелері көбейе түсті, осыған орай Клиника саны да артты



Клиникаға кіріспе

Клиникаға кіріспе пәннің маңыздылығы интегралды жүйеде жоғары медициналық білімді маман дайындауды, медициналық көмекті ұйымдастыру кезеңімен сатыларында кәсіби қызметті тұрақты қамтамасыз ету. Жалпы клиникалық кіріспе пәні мейірбикелік қызметің, ауыр халдегі науқастардың жеке бас тазалығын күту, тамақтандыру, көмек көрсету арқылы сауығуға көп ықпал етеді. Соңымен қатар тыныштық сақтау, дәрігерлік тағайындылығын уақытысында орындау, түрлі тексеруге науқастарды дайындау, құжаттарды дұрыс толтыру әр бір мейірбикенің атқаратын міндеті болып табылады.

Аурудың алдын ала бағытталған гигиена-санитарлық жүйесің жүзеге асыру мейірбикенің басты міндеті. Клиникалық пәндерді ЖОО-да оқыту жүйесіндегі басты бағыты тәжірибелі дағдыларды үйрету болғандықтан, молекулациялық іс әрекеттердің міндетін орындауға көп мәні беріледі. Медициналық қызметкерлердің дайындық саласын арттырады және денсаулық сақтау саласындағы қызмет ететін мейірбикелік көмек беріледі. Әрбір медицина қызметкерлер мейірбике жұмысының ауыр және сапалы білімінен, мол тәжірибесін талап етеді. Мейірбике ісі ежелден келе жатқан мамандық.

Мейірбике ісі

Бұл жалпы денсаулық сақтау жүйесінің бір бөлігі, науқасқа кәсіптік күтім және көмек көрсетуге бағытталған. Мейірбикенің қазіргі міндеті адамның дені сау болса да, ауру болса да көмек көрсету.

XVIII-ғасырдың соңында XIX-ғасырдың басында ағылшын мейірбикесі Флоренс Найтингейл Германиядағы институтты бітірген соң Лондонда мейірбикелерді оқытты. Крым соғысы кезінде Британ жауынгерлеріне күтім жасаған. Осы күтім арқасында жауынгерлер арасында өлім 50%-тен 2%ке дейін азайған. Флоренс Найтингейл ісінің жаңа моделінің авторы, күтім жүйесінің қалаушысы.

Оның оқыту жүйесінің негізгі принциптері:

1. Бақылауға болатыны (оқыған мейірбикелер басқаларды басқарады)
2. Ғылымы негізделген.
3. Мейірбикелердің жеке қасиеттері: мейірбике шын жүректен науқасты түсіну, техникалық ауруларға күтім жасау.

Мейірбикелік үрдіс 5 кезеңге бөлінеді


Емделушінің денсаулығы жайлы ақпарат жинау

Мейірбикелік диагноз

Күтімді жоспарлау

Жоспарлауды жүзеге асыру

Көрсетілген күтімнің нәтижесін бағалау



Мейірбикелік этика

Медицина қызметкерлерінің өз жұмысында әдептіліктің ролін зерттейтін ілім. Медициналық этика медициналық деонтологияның теориялық негізі болып есептелінеді. Ол медицина қызметкерлерінің ерекшеліктері мен қоғамда алатын орнына байланысты мінез құлық нормаларын реттейтін қағидалар жиынтығын қамтып, дәрігердің науқастарымен және олардың туыстарымен өзара қарым қатынасын, тән және жан тазалығын қарастырады.

Медициналық этикада келесі принциптер қолданады:

1. Жеке адамды құрметтеу
2. Автономия
3. Жақсылық жасау
4. Зиян келтірмеу
5. Шындықты айту
6. Құпияны сақтау
7. Әділдік

Мейірбикелік деонтология

Медициналық этиканың құрамдас бөлігі деонтология болып табылады. Бұл жаңа ғылым саласы XIX ғасырдың басында пайда болды (грекше deon-тиісті; logos-ғылым, ілім). Деонтология термині қолданысқа енгеніне аса көп болған жоқ; өткен ғасырдың басында ағылшын философы И. Бентам оны адамның кәсіби мінез құлық туралы ғылымының атауы ретінде ауызға алған.

Деонтологияның тараулары:

1. Мейірбике мен науқастың қарым қатынасы
2. Мейірбике мен қоғам арасындағы қарым қатынас
3. Мейірбике мен және науқастың туысқаны ортасындағы қарым қатынас
4. Мейірбике және әріптестер арасындағы қарым қатынас

Мейірбике дәрігердің бірінші көмекшісі. Дәрігерге қарағанда мейірбикелер жұмыс кезінде көп уақытын аурулармен өткізеді.

Медициналық маман болу, оны үйреніп, жоғарғы сатыға көтеру әрбір қызметкердің борышы.

“Клиникаға кіріспе” пәнінің оқытуда мейірбикелік іс-әрекеттерді үйренуден бастайды. Мейірбике ауыр халдегі науқастарға жеке бас тазалығын күтуде тамақтандыруда, қозғалуда көмек көрсету арқылы сауығуға зор ықпал етеді. Сонымен қатар тыныштықты сақтау, дәрі-

қатар тыныштықты сақтау, дәрігерлік тағайындауларды уақытында, бұлжытпай орындау, түрлі тексеруге науқастарды дайындау, құжаттарды дұрыс толтыру әрбір мейірбикенің аса ұқыптылықпен атқаратын міндеттері болып табылады.



Қолданылған әдебиеттер:

1. “Мейірбике ісінің негіздері” С.Қ. Мұратбекова
2. “Сестринское дело” И.В. Яромич
3. <http://www.google.kz>